

**Қалалық мәслихаттың 2010 жылғы 4 маусымдағы № 33/295 "Аз қамтамасыз етілген отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшері мен тәртібі туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Маңғыстау облысы Ақтау қалалық мәслихатының 2012 жылғы 24 сәуірдегі № 3/35 шешімі. Маңғыстау облысының Әділет департаментінде 2012 жылғы 29 мамырда № 11-1-179 тіркелді. Күші жойылды - Маңғыстау облысы Ақтау қаласы мәслихатының 2012 жылғы 12 қыркүйектегі № 6/62 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Маңғыстау облысы Ақтау қаласы мәслихатының 2012 жылғы 12 қыркүйектегі № 6/62 шешімімен**

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы № 95-IV «Қазақстан Республикасының бюджеттік кодексі» Кодексінің 56 бабына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 6 бабына және Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 сәуірдегі № 94 «Тұрғын үй қатынастары туралы» Заңының 97 бабының 2 тармағына сәйкес қалалық мәслихат **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Қалалық мәслихаттың 2010 жылғы 4 маусымдағы № 33/295 «Аз қамтамасыз етілген отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшері мен тәртібі туралы» (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 2010 жылы 14 шілдеде № 11-1-137 болып тіркелген, 2010 жылғы 24 шілдедегі № 124-125 «Маңғыстау» газетінде жарияланған) шешіміне төмендегідей өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген шешімнің қосымшасындағы:  
кіріспесіндегі «2009 жылғы 28 шілдедегі Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің «Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алуға үміткер адамның (отбасының) жиынтық табысын есептеудің Ережесін бекіту туралы» бұйрығына» деген сөздер «Қазақстан Республикасы Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері агенттігі төрағасының 2011 жылғы 5 желтоқсандағы № 471 «Тұрғын үй көмегін алуға, сондай-ақ мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үйді немесе жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғын үйді алуға үміткер отбасының (азаматтың) жиынтық табысын есептеу қағидасын бекіту туралы» бұйрығына» деген сөздермен ауыстырылсын;  
8 тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

«Отбасының жиынтық табысы Қазақстан Республикасы Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері агенттігі төрағасының 2011 жылғы 5 желтоқсандағы № 471 «Тұрғын үй көмегін алуға, сондай-ақ мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үйді немесе жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғын үйді алуға үміткер отбасының (азаматтың) жиынтық табысын есептеу қағидасын бекіту туралы» бұйрығына сәйкес е с е п т е л е д і » ;

18 тармақ алынып тасталсын;

19 тармақтағы «және пошталық байланыс қызметтері» деген сөздер алынып т а с т а л с ы н .

2. Осы шешім Маңғыстау облысының әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Сессия төрағасы*

*Б. Филиппов*

*Қ а л а л ы қ м ә с л и х а т*

*хатшысы*

*М. Молдағұлов*

«КЕЛІСІЛДІ»

«Ақтау қалалық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесінің бастығы  
Г . Х а й р л и е в а

2012 жыл 24 сәуір

«КЕЛІСІЛДІ»

«Ақтау қалалық экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі» мемлекеттік мекемесінің бастығы  
А . К и м

2012 жыл 24 сәуір